


Республикасының аумағында теңгемен банктік шот болған кезде теңгемен жүргізілетін болады.

Сыйақы төлеуді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға (тек АҚШ доллары немесе Евро) айырбастауға Эмитент сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күніне дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей Қазақстан Республикасының резиденті емес – Облигацияларды ұстаушыдан тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда жол беріледі. Аталған айырбастау төлемді жүзеге асыру күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені өзге валютаға (тек АҚШ доллары немесе Евро) айырбастау Қазақстан Республикасының резиденті емес – Облигацияларды ұстаушы есебінен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының резиденті – Облигацияларды ұстаушының пайдасына Облигациялар бойынша төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға айырбастауға жол берілмейді.

5) облигациялар бойынша сыйақыны есептеуге қолданылатын уақыт кезеңі

Сыйақы төлеуді Эмитент Облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде Actual / 365 уақытша база есебінен жүргізеді.

6. Жобалық қаржыландыру кезінде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығарған кезде:

- 1) ақшалай талаптардың сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақшаның түсу талаптары және болжамды мерзімдері
- 2) облигацияларды ұстаушыларға негізгі шарт бойынша құрылған мүліктің меншік иегерінің ауысқаны және кредиторлардың өкілдерін арнайы қаржы компаниясының органдарына енгізу және олардың өкілеттіктері туралы ақпарат ұсыну тәртібі
- 3) бөлінген активтердің есебінен жүзеге асырылатын жобалық қаржыландыру мәмілесіне қызмет көрсетумен, инвестициялық басқарумен байланысты арнайы қаржы компаниясы шығыстарының тізбесі
- 4) бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу және сыйақы төлеу тәртібі мен кезектілігі (облигациялық бағдарлама шегінде жеке меморандумда көрсетіледі)
- 5) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі мен кезектілігі

Жатпайды

7. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде секьюритилендіру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



- 1) оригинатордың, кастодиан-банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және басқаға берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдерді жинайтын тұлғаның атауы мен орналасқан жері
 - 2) секьюритилендіру мәмілесіндегі оригинатор қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері
 - 3) талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуына бақылау жасау тәртібі
 - 4) бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялау тәртібі
 - 5) талап ету құқықтарының біртектілік өлшемдері
 - 6) сыйақы төлеу және бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу тәртібі мен кезектілігі
 - 7) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандырудың тәртібі мен кезектілігі
- Жатпайды

8. Облигацияларды орналастыру талаптары және тәртібі

- 1) облигацияларды орналастырудың басталған күні

Облигацияларды орналастырудың басталу күні Облигациялар айналысының басталу күні болып табылады.

- 2) облигацияларды орналастырудың аяқталған күні

Облигацияларды орналастырудың аяқталу күні Облигациялардың айналыс мерзімінің соңғы күні болып табылады.

- 3) облигацияларды орналастыру жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы)

- ұйымдастырылған

9. Облигацияларды айналысқа жіберу талаптары және тәртібі:

- 1) облигацияларды айналысқа жіберудің басталған күні

Облигациялар айналысының басталу күні «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес өткізілетін Облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы сауда-саттықты өткізу күні болып табылады.

Алғашқы өткізілген сауда-саттықтың қорытындылары бойынша айқындалған Облигациялар айналысының басталу күні туралы ақпарат «Қазақстан қор биржасы» АҚ интернет-ресурсында (www.kase.kz) жарияланады.

- 2) облигацияларды айналысқа жіберудің аяқталған күні (өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығарылған кезде толтырылмайды)

Облигациялардың айналысы басталған күннен бастап 3 (үш) жыл өткен соң.

- 3) облигациялардың айналыс мерзімі (өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығарылған кезде толтырылмайды)



Жылдар	Айлар	Күндер
3	0	0

4) облигацияларды айналысқа жіберу жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы)

- ұйымдастырылған
- ұйымдастырылмаған

10. Облигацияларды өтеу талаптары және тәртібі

1) облигацияларды өтеу күні (өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығарылған кезде толтырылмайды)

Облигациялар Облигациялардың айналыс мерзімінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 10 (он) күн ішінде өтеледі.

2) облигацияларды өтеу тәсілі (өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығарылған кезде толтырылмайды)

Облигацияларды өтеу кезіндегі олардың номиналды құнын және Облигациялар бойынша соңғы сыйақыны Эмитент Облигациялардың айналыс мерзімі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде осы төлемдер жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша оларды алуға құқығы бар Облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аудару жолымен төлейді.

Барлық төлемдерді (борыштың негізгі сомасы және сыйақы төлемдері) Эмитент қолма-қол ақшасыз тәртіппен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (теңгемен) жүзеге асырады.

Егер Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылған жағдайда, Облигацияларды өтеу Облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгемен банктік шот болған кезде теңгемен жүргізіледі.

Облигацияларды өтеу кезінде теңгені өзге валютаға (тек АҚШ доллары немесе Евро) айырбастауға Эмитент Облигациялардың айналыс мерзімі аяқталған күнге дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей Қазақстан Республикасының резиденті емес – Облигацияларды ұстаушыдан тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда жол беріледі. Аталған айырбастау төлемді жүзеге асыру күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені өзге валютаға (тек АҚШ доллары немесе Евро) айырбастау Қазақстан Республикасының резиденті емес – Облигацияларды ұстаушы есебінен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының резиденті – Облигацияларды ұстаушының пайдасына Облигациялар бойынша төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға айырбастауға жол берілмейді.

3) егер облигацияларды өтеу кезінде сыйақыны және номиналды құнын төлеу облигациялар шығарылымы проспектісіне сәйкес өзге мүліктік құқықтармен жүргізілетін болса, осы құқықтардың, оларды сақтау тәсілдерінің, бағалау тәртібінің сипаттамасы және көрсетілген құқықтарды жүзеге асыруға құзыретті тұлғалар, сондай-ақ осы құқықтарға өтуді іске асыру тәртібі келтіріледі

Облигацияларды өзге мүліктік құқықтармен өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнын төлеу көзделмеген.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



11. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша талаптары болған жағдайда:

- 1) облигацияларды сатып алу құқықтарын іске асыру тәртібі, талаптары
 - 2) облигацияларды сатып алу құқықтарын іске асыру мерзімі көрсетіледі
- Жатпайды

12. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда:

- 1) эмитент қабылдайтын және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы

- Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листингтік шартта және/немесе «Қазақстан қор биржасы» АҚ өзге де ішкі құжаттарында белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерін бұзуға жол бермеу;

- Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листингтік шартта және/немесе Биржаның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімінің бұзылуына жол бермеу.

- 2) ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде эмитент іс-әрекетінің тәртібі

Осы тармақта көзделген шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда Эмитент бұзушылық басталған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында (www.halykbank.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) интернет-ресурстарында ақпаратты орналастыру арқылы бұзушылықтың туындау себебін, осы бұзушылықты жою тәсілі мен мерзімін егжей-тегжейлі сипаттай отырып, осы бұзушылық туралы ақпаратты Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізеді.

Осы тармақтың 3) тармақшасына сәйкес Облигацияларды ұстаушылардан Облигацияларды сатып алу туралы өтініштер алынған жағдайда Эмитенттің Директорлар кеңесі осы тармақтың 3) тармақшасында көзделген сатып алу туралы өтініштерді қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдауға міндетті.

Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент бұл туралы Облигацияларды ұстаушыларға Қазақстан Республикасының заңнамасында және «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында (www.halykbank.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийі (www.dfo.kz) интернет-ресурстарында ақпараттық хабарлама орналастыру арқылы хабарлайды.

Эмитент орналастырылған Облигацияларды келесі бағалардың ең үлкені бойынша сатып алуды жүзеге асыруға міндетті:

жинақталған, бірақ төленбеген сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға;

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



қор биржасының сауда жүйесіне айналысқа жіберілген қаржы құралдарын бағалау әдістемесіне сәйкес айқындалған Облигациялардың нарықтық бағасы (мұндай баға болған кезде);

Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес бағалаушы айқындаған баға (егер Эмитенттің Облигациялары ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналысқа түспесе).

Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу мерзімдері мен тәртібі туралы тиісті шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Эмитент жазбаша өтініш берген Облигацияларды ұстаушылардан Облигацияларды сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

3) ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде облигация ұстаушылар іс-әрекетінің тәртібі көрсетіледі

Облигацияларды ұстаушылар Эмитент «Қазақстан қор биржасы» АҚ және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурстарында шектеулерді (ковенанттарды) бұзу туралы ақпараттық хабарды жариялаған күннен кейінгі күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Эмитенттің орналасқан жерінің мекенжайы бойынша өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініш беруге құқылы.

Облигацияларды ұстаушы барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып, еркін нысанда жазбаша өтініш беруге тиіс:

заңды тұлға үшін: Облигацияларды ұстаушының атауы; бизнес-сәйкестендіру нөмірі; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; байланыс телефондары; банк деректемелері; сатып алуға жататын Облигациялардың саны мен түрі;

жеке тұлға үшін: Облигацияларды ұстаушының тегі, аты және бар болса, әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, күні және берген орган; тұрғылықты жері; байланыс телефоны; банк деректемелері; сатып алуға жататын Облигациялардың саны мен түрі.

Шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда Облигацияларды сатып алу рәсімі Облигацияларды ұстаушылар берген жазбаша өтініштер негізінде ғана жүргізілетін болады. Сатып алуға өтініш бермеген Облигацияларды ұстаушылардың осы Облигациялар шығарылымының айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін өздеріне тиесілі Облигацияларды өтеуге құқығы бар.

13. Конвертацияланатын облигациялар шығарылған кезде мынадай мәліметтер қосымша көрсетіледі:



1) облигациялар конвертацияланатын акциялардың түрі, саны және орналастыру бағасын белгілеу тәртібі, осындай акциялар бойынша құқықтар

2) облигацияларды конвертациялау тәртібі мен талаптары (егер облигациялардың шығарылымы толығымен конвертацияланатын болса, конвертациялаудың аяқталу күнінен бастап 1 (бір) ай ішінде облигациялардың шығарылымы жойылуға жататыны көрсетіледі, егер облигациялардың шығарылымы толығымен конвертацияланбайтын болса, осы шығарылымның сатып алынған облигациялары одан әрі орналастырылуға жатпайтыны, айналыс мерзімінің соңында өтелетіні көрсетіледі)

Банктер туралы заңның 61-10-бабында көзделген негізде және тәртіппен төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған банк уәкілетті органның шешіміне сәйкес облигацияларды акцияларға конвертациялау талаптарын көрсетеді

Жатпайды

14. Эмитенттің шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын мүлкі туралы мәліметтер:

1) осы мүлктің құнын көрсете отырып шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы

Қолданылмайды. Осы шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілмейді.

2) қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы

Қолданылмайды. Осы шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілмейді.

3) кепіл затын өндіріп алу тәртібі

Қолданылмайды. Осы шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілмейді.

15. Атауын, орналасқан жерін, кепіл шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген тұлғаның деректері (егер облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілсе)

Қолданылмайды. Осы шығарылымның Облигациялары банктің кепілдігімен қамтамасыз етілмеген.

16. Инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде - концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттің кепілдемесін беру туралы қаулысының деректемелері

Қолданылмайды. Осы шығарылымның Облигациялары инфрақұрылымдық болып табылмайды.

17. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты

1) Эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары көрсетіледі

Облигацияларды орналастырудан түскен қаражатты Эмитент «жасыл» қаржыландыру саласындағы қазақстандық және халықаралық танылған қағидаттар мен стандарттарға сәйкес келетін «жасыл» жобаларды қаржыландыруға және/немесе қайта қаржыландыруға және/немесе қорландыруды алмастыруға бағыттайтын болады. Жобаларды іріктеу Эмитенттің «Қазақстан Халық Банкі» АҚ жасыл қаржы саласындағы саясат» (Green Finance Framework) атты ішкі құжатына сәйкес жүзеге асырылатын болады. Облигацияларды орналастырудан түскен қаражат

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



«Қазақстан Халық Банкі» АҚ жасыл қаржы саласындағы саясатына» (Green Finance Framework) сәйкес жобаларды қаржыландыру үшін «Қазақстан қор биржасы» (Kazakhstan Stock Exchange) АҚ немесе «Астана» халықаралық қаржы орталығының биржасы (Astana International Exchange Ltd.) алаңында қазақстандық эмитенттер шығарған «жасыл» облигацияларды сатып алуға бағытталуы мүмкін.

2) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялары және орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда эмитентте облигациялар шығару жөніндегі негіздемелік бағдарламаның болуы туралы ақпарат көрсетіледі

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ жасыл қаржы саласындағы саясаты» (Green Finance Framework) Эмитенттің Директорлар кеңесінің (Эмитенттің Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 26 маусымдағы №27 сырттай отырысының хаттамасы) шешімімен бекітілген, Эмитенттің «жасыл» облигациялардан түскен қаражатты пайдалану саласындағы қызметінің жалпы ережелерін, бағыттарын, негізгі қағидаттарын, мақсаттары мен міндеттерін айқындайды.

3) "Жасыл" облигациялар шығарылған жағдайда, облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсатының Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат көрсетіледі

Облигацияларды орналастырудан түскен қаражатты Эмитент «жасыл» қаржыландыру саласындағы қазақстандық және халықаралық танылған қағидаттар мен стандарттарға сәйкес келетін «жасыл» жобаларды қаржыландыруға және/немесе қайта қаржыландыруға және/немесе қорландыруды алмастыруға бағыттайтын болады. Жобаларды іріктеу Эмитенттің «Қазақстан Халық Банкі» АҚ жасыл қаржы саласындағы саясат» (Green Finance Framework) атты ішкі құжатына сәйкес жүзеге асырылатын болады, жобалардың нысаналы мақсаты Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабы 3-тармағының талаптарына сәйкес келетін болады. Облигацияларды орналастырудан түскен қаражат «Қазақстан Халық Банкі» АҚ жасыл қаржы саласындағы саясатына» (Green Finance Framework) сәйкес жобаларды қаржыландыру үшін «Қазақстан қор биржасы» (Kazakhstan Stock Exchange) АҚ немесе «Астана» халықаралық қаржы орталығының биржасы (Astana International Exchange Ltd.) алаңында қазақстандық эмитенттер шығарған «жасыл» облигацияларды сатып алуға бағытталуы мүмкін.

4) Әлеуметтік облигациялар шығарылған жағдайда қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын әлеуметтік міндеттерді іске асыруға бағытталған тиісті жобаның қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ оның Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 4-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі

Қолданылмайды. Облигациялар әлеуметтік болып табылмайды.

5) Орнықты даму облигацияларын шығарған жағдайда қаржыландыруға (іске асыруға) осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын "жасыл" және әлеуметтік жобалардың үйлесімінің қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ олардың Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі

Қолданылмайды. Облигациялар орнықты даму облигациялары болып табылмайды.

6) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар және орнықты даму облигациялары шығарылған жағдайда қосымша:

қаржыландыру үшін осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жобаны іске асыру барысы туралы ақпаратты ашуды эмитент жүзеге асыратын ақпарат көздері

Эмитент өзінің корпоративтік интернет-ресурсында (www.halykbank.kz) Эмитенттің

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



Облигацияларды орналастырудан түскен қаражатты пайдалану қорытындылары туралы ақпаратты ашуды жүзеге асыратын болады.

егер қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жоба Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкес келмейтін болса, эмитент қолданатын шаралар көрсетіледі

«Жасыл» жоба Қолайлы жобалардың санаттарына сәйкес келмейді деп танылған жағдайда, ол Қолайлы жобалар тізілімінен шығарылады және мүмкіндігінше тезірек басқа Қолайлы жобамен ауыстырылады.

«Қолайлы жоба» деп «жасыл» қаржы құралдарынан қаржыландырылатын және/немесе қайта қаржыландырылатын және қолданыстағы табиғи ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға, қоршаған ортаға теріс әсер ету деңгейін төмендетуге, өзгерістердің салдарын жұмсартуға және климаттың өзгеруіне бейімделуге және орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге жәрдемдесуге бағытталған «жасыл» жоба түсініледі.

«Қолайлы жобалар тізілімі» деп Қолайлы жобалар санаттарына сәйкес «жасыл» қаржы құралдарынан түскен қаражаттан қаржыландырылатын және/немесе қайта қаржыландырылатын жобалардың тізбесі түсініледі.

Эмитент «жасыл» қаржы құралдары арқылы тартылған қаражаттың бөлінбеген сомасын Эмитенттің қолданыстағы ішкі нормативтік құжатына сәйкес ақшалай қаражатқа және оның баламаларына және өтімді бағалы қағаздарға уақытша орналастыруға құқылы. Бұл ретте Эмитент «жасыл» қаржы құралдарын «жасыл» жобаларға орналастырудан бос қаражатты тезірек бағыттау жөніндегі іс-шараларды іске асырады.

7) Орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда:

эмитент алдын ала белгілеген оларға қол жеткізу мерзімдерін көрсете отырып, орнықты даму саласындағы қызметтің нақты нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау үшін пайдаланылатын тиімділіктің негізгі көрсеткіштері

Қолданылмайды. Облигациялар орнықты дамуға байланысты облигациялар болып табылмайды.

көрсетілген көрсеткіштерді есептеу әдістемесі

Қолданылмайды. Облигациялар орнықты дамуға байланысты облигациялар болып табылмайды.

эмитент қол жеткізген жағдайда қолданысқа енетін, орнықты дамуға байланысты облигациялардың қаржылық және (немесе) құрылымдық сипаттамалары

Қолданылмайды. Облигациялар орнықты дамуға байланысты облигациялар болып табылмайды.

эмитент өзі белгілеген негізгі көрсеткіштердің орындалуы туралы ақпаратты ашуды жүзеге асыратын ақпарат көздері сипатталады

Қолданылмайды. Облигациялар орнықты дамуға байланысты облигациялар болып табылмайды.

8) Орналастырудан түскен ақша жобаны қаржыландыруға бағытталатын инвестициялық облигациялар шығарылған жағдайда, осы жобаның қысқаша сипаттамасы келтіріледі

Қолданылмайды. Облигациялар инвестициялық облигациялар болып табымайды.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



18. Эмитент бұрын орналастырған (эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде), айналыста болу мерзімі аяқталған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен ақы төленетін облигацияларды шығару кезінде осы облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығару көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі

Мемлекеттік тіркеу күні

Мемлекеттік тіркеу нөмірі

Облигациялардың түрі

Саны

Көлемі

Есептелген және төленбеген пайыздар

Жатпайды

19. Облигацияларды ұстаушыға ұсынылатын құқықтар:

1) эмитенттен облигацияның номиналды құнын алу не өзге де мүліктік баламаны алу құқығы, сондай-ақ облигация бойынша сыйақы не облигациялар шығару проспектісінде белгіленген өзге де мүліктік құқықтар алу құқығы

- осы Проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімдерде Облигацияларды өтеу кезінде Облигацияның номиналды құнын алу құқығы;

- осы Проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімдерде Облигациялар бойынша сыйақы алу құқығы;

- Облигацияларды еркін сату және басқаша басқару;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Эмитенттің ішкі қағидаларында және «Қазақстан қор биржасы» АҚ талаптарында көзделген тәртіппен Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу құқығы;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

2) эмитенттің осы құқықты іске асыру шарттарын, тәртібін және мерзімдерін көрсете отырып, оның ішінде облигациялар шығару проспектісінде көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кезде облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы.

Өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығару жағдайында осы облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды, оның ішінде Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында көзделген негіздер бойынша сатып алу туралы талап қоя алмайтыны туралы мәліметтер көрсетіледі

Осы шығарылымның Облигацияларын ұстаушылардың Эмитент өз міндеттемелерін және осы Облигациялар шығару проспектісінде көзделген шектеулерді (ковенанттарды) сақтаған кезде Эмитенттің Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуін талап ету құқығы көзделмеген.

Облигацияларды ұстаушылардың «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-ІІ Заңының 18-4-бабы 2-тармағының 1), 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге құқығы бар.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-ІІ "Об электронном документе и



«Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-ІІ Заңының 18-4-бабы 2-тармағының 1), 2) тармақшаларында белгіленген жағдайларда Эмитент орналастырылған Облигацияларды мынадай бағалардың ең үлкені бойынша сатып алуды жүзеге асыруға міндетті:

жинақталған, бірақ төленбеген сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға;

«Қазақстан қор биржасы» АҚ сауда жүйесіне айналысқа жіберілген қаржы құралдарын бағалау әдістемесіне сәйкес айқындалған Облигациялардың нарықтық бағасы (мұндай баға болған кезде);

Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес бағалаушы айқындаған баға (егер Эмитенттің Облигациялары бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналысқа түспесе).

Облигациялар шығарылымының проспектісінде көзделген шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кезде Эмитенттің және Облигацияларды ұстаушының іс-қимылдарының шарттары, тәртібі және Эмитенттің Облигацияларды сатып алу талаптарын іске асыру мерзімдері осы Проспектінің 12-тармағында берілген.

Осы Облигациялар шығару проспектісінің шарттарында көзделгеннен басқа жағдайларда Эмитенттің Облигациялар ұстаушыларының талабы бойынша Облигацияларды сатып алуы көзделмеген.

3) өзге де құқықтар

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға берілген құқықтан туындайтын өзге де құқықтар.

20. Туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәлімет:

1) туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі

Эмитенттің негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы төлеу үшін осы Проспектіде белгіленген мерзімдерде Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамауы Эмитенттің Облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға (бұдан әрі – Дефолт оқиғасы) болып табылады.

Жауапкершіліктен босату

Егер мұндай төлемеу және/немесе толық төлемеу Эмитенттің сыйақы және/немесе номиналды құнды төлеуді жүзеге асыруды мүмкін етпейтін, яғни Эмитенттің Облигацияларды ұстаушының банктік шотының дұрыс емес не толық емес деректемелерін алуынан не «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-ның Эмитентке Облигацияларды ұстаушылар тізілімін заңнамада және онымен жасалған шартта белгіленген мерзімдерде бермеуінен болса, осы Проспектіде белгіленген мерзімдерде Облигациялардың сыйақысын және/немесе номиналды құнын төлемеу не толық төлемеу Облигациялардың дефолты болып саналмайды.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



Егер бұл орындамау еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, Эмитент осы Проспект бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары деп басталуы болжау немесе алдын алу мүмкін болмайтын мән-жайлар (дүлей құбылыстарды, әскери іс-қимылдарды, тыйым салу немесе шектеу сипатындағы уәкілетті органдардың актілерін қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) түсініледі. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда Эмитенттің осы Проспект бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай мән-жайлар мен олардың салдары қолданылатын уақыт кезеңіне пропорционалды түрде жылжытылады.

2) облигацияларды ұстаушылардың сыйақы төлемі бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған кезде құқықтарын қорғау рәсімдерін, оның ішінде міндеттеме тәртібі және қайта құрылымдау талаптарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитент қабылдайтын шаралар

Дефолт оқиғасы басталған кезде Эмитент мұндай дефолт оқиғасын тудырған себептерді жоюға және облигация ұстаушыларының құқықтарын қамтамасыз етуге бар күшін салады.

Эмитент қабылдайтын, Эмитенттің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге және Облигациялар бойынша берешекті өтеуге бағытталған шаралар кез келген басқарушылық, қайта ұйымдастыру, инвестициялық, техникалық, қаржы-экономикалық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де рәсімдерді, сондай-ақ Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдерін, оның ішінде Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын қамтиды.

Эмитент Дефолт оқиғасының басталуы туралы ақпаратты Облигацияларды ұстаушылардың назарына осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген мерзімдерде, тәртіппен және тәсілдерді қолдана отырып жеткізеді.

Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау қажет болған жағдайда, ол Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыруға бастама жасайды. Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысының күн тәртібіне өзге де мәселелерден басқа, Эмитент дайындаған өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын және (қажет болған жағдайда) осы Проспектіге енгізілген ықтимал өзгерістер жобасын бекіту туралы мәселелер енгізілуге тиіс.

Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт туындаған жағдайда міндеттемелерді қайта құрылымдау Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда жүзеге асырылатын болады.

Эмитенттің кінәсінен Облигациялар бойынша сыйақыны және (немесе) Облигациялардың номиналды құнын төлемеген, сондай-ақ толық төлемеген жағдайда, Эмитент Облигацияларды ұстаушыларға ақшалай міндеттеме орындалған күнге немесе оның тиісті бөлігіне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін, мерзімі өткен әрбір күн үшін негізгі міндеттеменің сомасын және өсімпұлды төлеуге міндетті.

3) эмитенттің орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелердің орындалмау себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі мүмкін болатын іс-әрекеттері, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғаларға талап

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



қою өтінішінің тәртібі туралы мәліметтерден тұратын дефолт фактілері туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушыларға жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілі

Эмитент Облигациялар бойынша Дефолт оқиғасы басталған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында (www.halykbank.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийі (www.dfo.kz) интернет-ресурстарында хабарлама орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушылардың дефолт фактісі туралы хабардар етеді.

Эмитенттің ақпараттық хабарламасында мынадай мәліметтер болуға тиіс:

- дефолттың пайда болу фактісі туралы ақпарат;
- дефолт туындаған күнгі орындалмаған міндеттемелердің көлемі;
- облигациялардың халықаралық сәйкестендіру нөмірін (ISIN), облигациялардың түрін, орналастырылған облигациялардың санын, купондық мөлшерлеменің мөлшерін, дефолт күнін, сыйақы бойынша берешек сомасын, негізгі борыш бойынша берешек сомасын, реттелмеген борыш қалдығын көрсете отырып, міндеттемелерді орындамау себебі;
- Облигация ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал әрекеттерін атап көрсету және Облигация ұстаушылардың Эмитентке қойылатын талаптармен жүгіну тәртібі;
- Эмитент Облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған кезде Эмитент қолданған шаралар;
- Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпарат.

Өзге заңды тұлғаға көрсетілген ақпаратты ашу тапсырмасы көзделмеген.

4) эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғалармен шарт жасалған күні мен нөмірі, осы тұлғалардың толық атауы, сондай-ақ оларды (осындай тұлғалар бар болса) мемлекеттік тіркеу күні

Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауаптылықта болатын адамдар жоқ.

21. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңі бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы

Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңі бөлінісінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті Эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы осы Проспектінің 1-қосымшасында келтірілген.

22. Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):

Жатпайды

23. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):

Қолданылмайды.

24. Эмитенттің консультанттары туралы мәліметтер (Бағалы қағаздар рыногы туралы заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету бойынша шарт жасасу міндеті белгіленген жағдайда):

1) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы:

толық атауы: «Қазақстан Халық Банкінің «Halyk Finance» еншілес ұйымы» акционерлік қоғамы
қысқартылған атауы: «Halyk Finance» АҚ


2) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері: өкілінің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, А05А1В9, Алматы қ., Абая даңғ., 109 «В», 5-қабат

байланыс телефондарының нөмірлері: +7 (727) 357-31-77

3) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғамен эмитенттің жасасқан шартының күні мен нөмірі: 1633, 14.10.2024

Егер, эмитенттің пікірі бойынша, мұндай мәліметтерді жария ету эмитенттің бағалы қағаздарын сатып алу туралы шешім қабылдау үшін маңызды болса, эмитенттің басқа консультанттары туралы мәліметтер көрсетіледі.

Уәкілетті тұлға



**КОШЕНОВ МУРАТ
УЗАКБАЕВИЧ**

(тегі, инициалдары)

Электронная цифровая подпись:

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



1-қосымша Эмитенттің ақшалай қаражатының көздері мен ағындарының болжамы.

	2024 жыл		2025 жыл		2026 жыл		2027 жыл	
	2- жартыжылд.	1- жартыжылд.	2- жартыжылд.	1- жартыжылд.	2- жартыжылд.	1- жартыжылд.	2- жартыжылд.	
	* 1.000.000 KZT	* 1.000.000 KZT	* 1.000.000 KZT	* 1.000.000 KZT	* 1.000.000 KZT	* 1.000.000 KZT	* 1.000.000 KZT	
1. Таза кіріс	438 004	349 507	355 175	365 800	376 843	388 332	400 495	
1.1 Таза кірісті түзетуші түзетпелер								
1.2 Қамтамасыз етуге қаржы бөлу	64 385	57 615	59 073	61 436	63 893	66 449	69 107	
1.3 Амортизациялық аударымдар	8 460	7 329	8 460	7 329	8 460	7 329	8 460	
1.4 есептелген шығыстары шегерілген есептелген кірістер	-11 015	6 531	15 586	8 921	16 704	9 694	17 616	
1.6 Түзетуші түзетпелерден кейінгі таза кірістің жиыны	376 175	278 032	272 056	288 114	287 787	304 860	305 313	
2. Операциялық қызмет								
2.1 Басқа банктердегі салымдар мен кредиттер бойынша өзгерістер	-25 409	-48 134	-14 187	-14 755	-15 345	-15 959	-16 597	
2.2 Бағалы қағаздар портфеліндегі өзгерістер	362 208	-213 077	-139 968	-145 567	-151 389	-157 445	-163 743	
2.3 Клиенттерге берілген заемдар бойынша талап ету құқығындағы өзгерістер	-1 202 366	-105 874	-440 207	-457 815	-476 128	-495 173	-514 980	
2.4 Басқа да талаптар мен активтер бойынша өзгерістер	1 297	-56 917	-29 955	-31 153	-32 399	-33 695	-35 043	
2.5 Басқа банктер мен ұйымдардан алынған заемдардағы өзгерістер	26 138	-54 378	38 702	40 250	41 860	43 534	45 276	
2.6 Клиенттер қаражатын тартудан болатын міндеттемелер бойынша өзгерістер	344 334	504 780	493 460	513 199	533 727	555 076	577 279	
2.7 Басқа да міндеттемелер бойынша өзгерістер	-228 523	56 393	15 990	16 629	17 294	17 986	18 706	
2.8 Операциялық қызметке байланысты ақша қозғалысының жиыны	-346 146	360 826	195 892	208 903	205 407	219 185	216 211	
3. Инвестициялық қызмет								
3.1 Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар бойынша өзгерістер	-50 849	0	0	0	0	0	0	
3.2 Негізгі қаражат пен өзге де қаржылық емес активтерді сатып алу/өткізу	-11 785	-23 737	-9 984	-10 383	-10 799	-11 230	-11 680	
3.3 Инвестициялық қызметке байланысты ақша қозғалысының жиыны	-62 635	-23 737	-9 984	-10 383	-10 799	-11 230	-11 680	
4. Қаржылық қызмет								
4.1 Жарғылық капиталдағы өзгерістер	0	0	0	0	0	0	0	
4.2 Сатып алынған меншікті акциялар	0	0	0	0	0	0	0	
4.3 Қосымша капиталдағы өзгерістер	-66 033	0	0	0	0	0	0	

	2024 жыл	2025 жыл		2026 жыл		2027 жыл	
	2- жартыжылд.	1- жартыжылд.	2- жартыжылд.	1- жартыжылд.	2- жартыжылд.	1- жартыжылд.	2- жартыжылд.
	* 1.000.000 KZT	* 1.000.000 KZT	* 1.000.000 KZT	* 1.000.000 KZT	* 1.000.000 KZT	* 1.000.000 KZT	* 1.000.000 KZT
4.4 Борыштық бағалы қағаздар шығарылымынан келетін түсімдер	20 000	0	0	0	0	0	0
4.5 Борыштық бағалы қағаздардың өтелуі	-100 000	0	0	0	0	0	-20 000
4.5 Басқасы (дивидендтерді төлеу)	-69 377	-405 074	0	-352 341	0	-371 322	0
4.6 Қаржылық қызметке байланысты ақша қозғалысының жиыны	-215 410	-405 074	0	-352 341	0	-371 322	-20 000
5. Операциялық, инвестициялық және қаржылық қызмет нәтижесінде ақшаның көбеюі (азаяуы) жиыны	-624 191	-67 985	185 908	-153 821	194 608	-163 368	184 531
6. Есептік кезең басындағы ақша қалдығы	1 288 095	663 904	595 919	781 827	628 006	822 614	659 246
7. Есептік кезең аяғындағы ақша қалдығы	663 904	595 919	781 827	628 006	822 614	659 246	843 778



**СВИДЕТЕЛЬСТВО
о государственной регистрации выпуска облигаций в пределах облигационной
программы**

17.10.2024

город Алматы

Агентство Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка произвело государственную регистрацию выпуска облигаций в пределах облигационной программы Акционерное общество "Народный Банк Казахстана" (А26МЗК5, КАЗАХСТАН, г.Алматы, Медеуский район, Проспект АЛЬ-ФАРАБИ дом 40) зарегистрированного по бизнес-идентификационному номеру 940140000385

Выпуск разделен на:
Количество облигаций:
20 000 000 (двадцать миллионов)


Вид облигаций:
Купонные облигации без обеспечения.

Международный идентификационный номер (код ISIN), присвоенный облигациям выпуска:
KZ2C00012482

Номинальная стоимость одной облигации:
1 000 (одна тысяча) Тенге

Объем выпуска облигаций (суммарная номинальная стоимость выпускаемых облигаций):
20 000 000 000 (двадцать миллиардов) Тенге

Уполномоченное лицо



(электронная цифровая подпись)

Хаджиева Мария Жамаловна
(фамилия, инициалы)

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық кол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

**"Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі"**
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
**"Агентство Республики Казахстан
по регулированию и развитию
финансового рынка"**

**Облигациялық бағдарлама шегінде облигациялар шығарылымын мемлекеттік
тіркеу туралы
КУӘЛІК**

17.10.2024

Алматы қаласы

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
"Қазақстан Халық Банкі" акционерлік қоғамы (А26М3К5, Қазақстан, Алматы қ., Медеу ауданы, Әл-фараби даңғылы, 40
үй)
бизнес - сәйкестендіру нөмірімен тіркелген 940140000385 облигациялық бағдарлама шегінде облигациялар
шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүргізді.

Шығарылым келесі облигацияларға бөлінген:

Облигациялардың саны:

20 000 000 (жиырма миллион)

Облигация түрі:

Қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар.

Шығарылым облигацияларына берілген халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды):

KZ2C00012482


Бір облигацияның номиналды құны:

1 000 (бір мың) Теңге

Облигациялар шығарылымының көлемі (шығарылатын облигациялардың жиынтықты номиналды құны):

20 000 000 000 (жиырма миллиард) Теңге

Уәкілетті тұлға



(электрондық цифрлық қолтаңба)

Хаджиева Мария Жамаловна
(тегі, инициалдары)

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.